

"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

17қараша 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2023/0027 ic

«AURORA GEOPHYSICS LTD» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Талап қоюшы

қарсы

ТОО «METEOR MINING COMPANY KZ (CONDUIT 24) LTD» ЖШС-ына

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит КС

БҰЙРЫҚ

1. Жауапкер Талап қоюшыға 2023 жылғы 1 желтоқсанда Астана қ. уақыты бойынша күндізгі сағат 4-ке қарай 24 948 000 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. Осы талап қоюда Талап қоюшы 260AG-2021 және 123AG-2021 болып нөмірленген геофизикалық қызметтер көрсету жөніндегі екі шарт ("Шарттар") бойынша тиесілі сомаларды өндіріп алуға қол жеткізбек. Шарттың талаптарына сәйкес, Талап қоюшы Қазақстанның Алматы облысындағы және Шығыс Қазақстандағы екі нысанда географиялық зерттеулер жүргізуге келісті. Шарттар сәйкесінше 2021 жылдың 17 қарашасында және 2021 жылдың 25 желтоқсанында жасалған.
2. Шарттардың талаптарына сәйкес, Жауапкер келесі қызметтер үшін жиынтығында 22 680 000 теңге төлеуге міндетті болды:
 - a. 260AG-2021 шарты бойынша – 10 200 000 теңге;
 - b. 123AG-2021 шарты бойынша – 12 480 000 теңге.
3. Шарттардың 3.1.1-тармағына сәйкес, Жауапкер Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде тиесілі соманың 40% -ын төлеуге міндетті болды.
4. 3.1.2 тармақта мыналар көзделген:
" Кейінгі төлемдер тараптар далалық және қайта өңдеу жұмыстары аяқталғаннан кейін Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей ай сайын жасалады."
5. Шарттардың 6.3-тармағына сәйкес, уақтылы төлемей Жауапкерге әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, ең көбі 10% - ға дейін айыппұл салуға әкеп соқтырды.
6. Шарттар Астананың Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының пайдасына юрисдикция туралы келісімді қамтыды.
7. Тараптар 2022 жылғы 14 сәуірде және 2022 жылғы 1 маусымда шарттар бойынша орындалған жұмыстар актісіне қол қойды. Әрбір жағдайда куәландырылған сома жоғарыда 2-тармақта көрсетілген Шарттың толық сомасы болды. Осыған қарамастан, Жауапкер жұмыстар үшін ештеңе төлемеген.
8. 2022 жылғы 15 маусымда тараптар салыстыру актісі - өзара келісілген, төленуі тиіс сомаларды растайтын шоттан үзінді көшірмеге қол қойды.
9. 2022 жылғы 16 маусымда Талап қоюшы Жауапкерге өзінің талаптары көрсетілген хабарлама жіберді. Хабарламада Шарттар бойынша тиесілі сомалар және Жауапкердің жұмыстарды қабылдағаны фактісі көрсетілген. Төлемді 5 жұмыс күнінің ішінде жасау қажет болған. Хабарламаға екі тарап қол қойған. Шамасы, Жауапкер тарапынан құжатқа қол қойған тұлға "нәтижелер күтіліп расталды" (*яғни, соңғы геофизикалық есептер*)" деген сөздерді қосқан.
10. Хабарламаға жауап ретінде төлем түскен жоқ. Нәтижесінде, Талап қоюшы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа талап қою берген. Солай болғанымен, сот екі тарап та АХҚО-да

тіркелген ұйымдар болып табылатындықтан, істі АХҚО соты қарауы керек деп қаулы етіп, талап қоюды юрисдикция негізінде қабылдамай тастады.

11. Осыған байланысты Талап қоюшы осы талап қоюмен АХҚО сотына жүгінді.
12. Жауапкер талап қоюға Қарсылық білдіру берді. Онда Жауапкер мыналарды мәлімдеп отыр:
 - a. Талап қоюшы атқарған жұмыстың Жауапкер үшін пайдалы жалғыз бөлігі зерттеу туралы есеп жасау болды.
 - b. Шарттарда қол қойылғаннан кейін бірден 40% төлем жасау көзделген. Алайда, есептер тапсырылмайынша және инвестор табылмайынша Жауапкердің төлеуге қаражаты жоқ екенін Талап қоюшы білді. Нәтижесінде Талап қоюшы жұмысты төлемсіз жалғастырған.
 - c. Шарттар COVID-19 жайылуы туындатқан дағдарыс кезеңінде жасалған. Негізінде, Жауапкер алдын-ала төлем жасай алатын басқа клиенттердің ортасында Талап қоюшыға Шарттар бойынша жұмысты орындау тиімді болғанын мәлімдейді.
 - d. Жауапкер шынында да Талап қоюшыға басқа қызметтер үшін 200 млн теңге төлеген.
 - e. 60% мөлшеріндегі теңгеруші төлем есептер тапсырылғаннан кейін ғана төленуі тиіс болған.
 - f. Жауапкердің төлем жасайтынына Талап қоюшының сенімін арттыру үшін және Талап қоюшымен келешекте бірге жұмыс істегісі келгендіктен, Жауапкер орындалған жұмыстар актілеріне қол қойған.
 - g. Жауапкер салыстыру актісіне қол қойған, бірақ негізгі нәтижелер - есептер - дайындалмағанын атап өткен.
 - h. Есептер аяқталды, бірақ әлі тапсырылған жоқ. Талап қоюшының ешқандай төлем алмауы тиіс немесе қалай болғанда да оның талаптарының 40%-ы ғана ұйғарылуы керек.
13. Жауапкер Талап қоюшы беріп қойған жаңа құжаттар мен дәлелдемелердің ешқайсысын ұсынған жоқ.
14. 2023 жылдың 28 қыркүйегінде мен нұсқаулықтар шығардым:
 - a. Талап қоюшыға Қарсылық беруге рұқсат ету; және
 - b. Тараптарды 2023 жылғы 25 қазанда Астана уақыты бойынша сағат 18:00-ге дейін куәлардың мәлімдемелерін және олар сілтеме жасайтын басқа да құжаттарды беруге міндеттеу.
 - c. Тараптарға олар мәселе бойынша тыңдаулар өткізу керек деп санайды ма әлде оны бұйрықтық іс жүргізу шеңберінде шешуге разы ма деген сұраққа қатысты өз пікірлерін білдіру туралы өтініш жасау.
15. Талап қоюшы қарсылық білдіру берді, онда былай делінген:
 - a. Қызметтер COVID-19 кезеңінде алдын-ала төлемсіз көрсетілді, өйткені бұл дағдарыс нәтижесіндегі қажеттілік болды.
 - b. Жауапкер іс жүзінде 200 000 000 теңге төлемеген. Сонымен қатар Талап қоюшы Шарттарды орындаудан басқа жұмыстарға артықшылық бермеген.
 - c. Төлем есептер тапсырылғаннан кейін емес, оған дейін жүргізілді.
 - d. Төлем жасамағандықтан, Талап қоюшының есеп бермеуге құқығы бар болды.
16. Талап қоюшы Кемал Аманбаев мырзаның куәгерлік айғақтарын тиісті түрде ұсынды.

17. Аманбаев мырза Талап қоюшы жұмысты төлем жасалғанға дейін бастауға келіскенімен, төлемді, егер ол жасалатын болса, Жауапкер инвестордан қаржы алған кезде алумен ол ешқашан келіспейтін еді деп мәлімдейді.
18. Жауапкер ешқандай кәуәгерлік айғақ берген жоқ.
19. Кейіннен екі тарап та бұл істің бұйрықтық іс жүргізу шеңберінде қаралғанын қалайтындықтарын мәлімдеді.
20. Жауапкер Шарт сомасының 40%-ы Шарттарға қол қойылғаннан кейін 5 күннің ішінде төленуі тиіс болғанымен келісетін сыңайлы. Талап қоюшының алдын-ала төлемді талап етпей жұмысты орындауға кіріскендігі фактісі Шарттың талаптарын өзгертпейді. Жауапкер Шарттарға өзгерістер енгізілді деп мәлімдемеді. Қалай болғанда да бұл соманың мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен.
21. Қалған 60% *"далалық және технологиялық жұмыстар аяқталғаннан кейін, тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей"* төленуге тиіс болды.
22. Тараптардың арасындағы айырмашылық осы ережені дұрыс түсіндіруде болып табылады. Жауапкердің айтуынша, аталған *"далалық және технологиялық жұмыстар"* есеп беруді қамтиды. Сонымен, келісімшарт бойынша қалдықты төлеу міндеттемесі есеп берілгеннен кейін ғана пайда болады.
23. Талап қоюшы мұнымен келіспейді және 4.2.3-тармаққа сілтеме жасайды. Төлем жасалмаған жағдайда Талап қоюшыға *"жұмыс нәтижелерін ұстап қалуға"* рұқсат етіледі.
24. Менің ойымша, Жауапкер теңгерімдік соманы орындалған жұмыстар актісіне қол қойылғаннан кейін 5 күн ішінде төлеуге міндетті болды. Бұл Шартқа сәйкес талап етілді. Жауапкердің ұстанымы іс жүзінде оның актіге мерзімінен бұрын қол қойғанына саяды. Бұл, менің ойымша, қарсылық білдіру үшін негіз болып табылмайды, өйткені төлем мерзімі акт күнімен анықталған.
25. Қалай болғанда да, менің ойымша, акт күні бұрын жасалмаған. 3.1.2-тармақта аталған *"далалық және технологиялық жұмыстар"* есептер беру дегенді білдірмейді. Есептер кейінірек, төлем түскеннен кейін берілуі керек еді. Олар ертерек берілгенде, онда *"жұмыс нәтижелерін"* төлем жасалмаған жағдайда Талап қоюшының ұстап қалуына рұқсат беретін 4.2.3-тармақ өз күшін жоғалтқан болар еді. Қалыптасқан мән-жайларда Шарттың толық сомасы 2022 жылдың маусымында төленуі тиіс болған.
26. Тіпті бұл қорытынды дұрыс болмағанның өзінде, төленуі тиіс соманың алғашқы 40%-ын Жауапкердің төлемейтіні негізінде Талап қоюшының Шарттарды бұзуға және шығындарды өтеуді талап етуге құқығы бар болар еді. Жауапкердің өзінің мойындауынша, Талап қоюшы жұмысты аяқтау үшін қажеттінің бәрін жасаған. Мұндай мән-жайларда оның залалдары Шарттың сомасын құрайды.
27. Егер тиесілі сомалар төленсе, есептер берілетініне күмән жоқ. Егер бұлай болмаса, Жауапкер құқықтық қорғау құралдарына жүгіне алатын еді.
28. Төлем жасау мерзімі 100 күннен аса уақытқа кешіктірілді. Нәтижесінде әрбір Шарттың 6.3-тармағына сәйкес 10% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептелді.

29. Осы мән-жайларда Жауапкер Талап қоюшыға 24 948 000 теңге мөлшеріндегі мыналарды қамтитын барлық мәлімделген соманы төлеуге міндетті:

- a. шарттар бойынша төленуі тиіс 22 680 000 теңге мөлшеріндегі негізгі сомалар ; және
- b. Шарт сомасының 10% -ы мөлшеріндегі айыппұл, бұл 2 268 000 теңге құрайды.

Сот қабылдады,

Судья Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Нариман Омаров мырза өкілдік етті, кеңесші, Aurora Geophysics Ltd., Астана, Қазақстан

Жауапкердің атынан Дәурен Ғабдул мырза өкілдік етті, Meteor Mining Company KZ LTD (CONDUIT 24), Астана, Қазақстан